



ҚАУЛЫСЫ

Атырау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Атырау

**"Атырау облысында халық арасында
коронавирус инфекциясының (COVID-19)
таралуының алдын-алу және қауіпсіздік
шараларын қамтамасыз ету туралы» 2020 жылғы,
10 мамырдағы №44 –ПГВР Атырау облысының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу
туралы**

Мен, Атырау облысының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Жұмағалиев Амантай Төлегенұлы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 150 бабына сәйкес, Атырау облысының халқы арасында коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі - КВИ) таралуына жол бермеу және адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Атырау облысы аумағында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуі мен COVID-19 сырқаттанушылығының өсу деңгейін ескере отырып **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Атырау қаласы мен Атырау облысы аумағында карантиндік шектеу шараларының қолданылуы эпидемиологиялық жағдай толықтай тұрақтанғанға дейін созылсын;

2. 23:00-ден 06: 00-ге дейін Атырау облысында жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдарының, жедел және шұғыл медициналық қызмет көрсету қызметкерлері, мемлекеттік медициналық мекемелер, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, өрт сөндіру, авариялық-құтқару және авариялық-техникалық қызметтер, сондай-ақ стратегиялық маңыздағы нысандарға өндірістік қызмет көрсететін және өмірді қамтамасыз ету нысандары қызметкерінен қызметкерлерді қоспағанда азаматтар мен көліктердің қозғалысына толықтай тыйым салынады;

3. Сағат 06:00 және 23:00 аралығында санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып , міндетті түрде маска тағып, 1,5-2 метр ара қашықтықты сақтап, азаматтарға **тұрғылықты жерінен шығуға, жүруіне рұқсат берілсін;**

Азаматтардың қозғалысы жұмысқа баруға, азық-түлік, дәрі-дәрмек, бірінші қажеттіліктегі заттарды, рұқсат берілген қызмет түрлерін алуға (тұрғылықты жеріне

жақын маңдағы), шұғыл жағдайлар бойынша дәрігерлік көмек алуға байланысты қозғалысына, азаматтарға қызметтік, жеке, қоғамдық көлікпен жүруіне рұқсат берілсін;

4. 2020 жылдың 18 маусымнан сағат 07.00-ден бастап күшейтілген санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып, келесі уақытша шектеулер белгіленсін (22.05.2020 ж. №37 және 30.05.2020 ж. №38 ҚР БМСДҚ алгоритміне сәйкес):

1) жиналыстарды, кеңестерді, семинарларды, конференцияларды селекторлық режимде және бейнеконференцбайланыспен өткізу арқылы мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдары қызметкерлерінің 80%-ын "қашықтықтан" жұмыс жасау формасына ауыстыру;

2) ХҚКО онлайн режимінде қызмет көрсетуге өту, онлайн режимде көрсетілуі мүмкін емес қызметтерді алдын-ала жазу бойынша жүзеге асыру (сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін);

3) азық-түлік және азық-түлік емес базарлардың қызметі сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін;

4) гипермаркеттер, супермаркеттер және басқа да азық-түлік дүкендері сағат 09.00-ден 21.00-ге дейін (азық-түліктерді сату көкөніс пен жемістерді қоспағанда, тек өлшеп салынған түрде жүзеге асырылады);

5) қоғамдық тамақтану нысандары (мейрамханалар/барлар/кафелер/асханалар және басқалар) бір уақытта 30 адамнан аспайтын келушілер санымен, үстелдер арасындағы қашықтықты 2 метрден кем емес сақтауды қамтамасыз ету, бір үстелге отырғызу 4 адамнан аспауы тиіс, сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін;

6) Азық-түлік емес сауда нысандары (сауда орталықтары, сауда үйлері, дүкендер), сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін; ұялы телефондарды, басқа да техниканы жөндеу, тігін ательелері, фотосалондар және т. б.

7) шаштараздар, сұлулық салондары барлық қызмет түрлері алдын алу жазылу бойынша сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін;

8) білім беру орталықтары, үйірмелер, балаларды дамыту орталықтары (10 адамнан көп емес), сағат 09.00-ден 16.00-ге дейін;

9) спорт нысандары (тек ашық ауада) 30 адамға дейін спортшылар үшін көрерменсіз сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін;

10) фитнес-орталықтар (10 адамнан көп емес), СПА салондар, бассейндер сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін;

11) мәдениет нысандары қызметкерлерге үшін 30 адамға дейін, көрерменсіз сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін;

5. Атырау облысының әкімдігіне:

1) ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, еске алу шараларын (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, ас берулер), соның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын;

2) қоғамдық орындарға, оның ішінде алаңдарға, саябақтарға, жағалауларға баруға тыйым салынсын;

3) меншік нысанына қарамастан барлық мектепке дейінгі балалар ұйымдарының қызметіне тыйым салынсын;

4) қала сыртындағы сауықтыру орталықтарының және мектеп жанындағы лагерьлердің қызметіне тыйым салынсын;

5) кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелердің, интернет пен компьютерлік ойын клубтарының және адамдар көп шоғырланатын басқа да нысандардың қызметіне тыйым салынсын;

б) діни нысандар қызметіне және халықтың онда баруына тыйым салынсын;

7) ойын-сауық нысандарының қызметі (балалар ойын орталықтары, түнгі көңіл көтеру орындардың, кальян, букмекерлік, бильярд, караоке, PS-клубтар, квестдар, антикафе, боулинг орталықтарына және т. б.) тыйым салынсын;

8) кейтерингтік қызметтер көрсету саласындағы компаниялардың қызметіне тыйым салынсын;

9) мерекелерді, оның ішінде туристік нысандарды, қала сыртындағы демалыс аймақтарын ұйымдастыру.

6. Атырау қаласы және аудандар әкімдіктеріне:

1) Эпидемиологиялық ахуалға қарсы шаралардың орындалуын бақылау және мониторинг жасау жұмысына тартылған мобильдік топтардың рұқсат берілген нысандардағы кемшіліктер туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат тарату жұмысы ұйымдастырылсын.

2) 22.05.2020 жылғы №37 ҚР БМСДҚ №18 қосымшасына сәйкес қоғамдық және адамдар көп шоғырланатын орындарда дезинфекциялық шараларды жүргізу;

3) 22.05.2020 жылғы №37 ҚР БМСДҚ №15 қосымшасына сәйкес қоғамдық көлік барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, сағат 06:00-ден 23:00-ге дейін шектеулі режим шеңберінде әрекет ететін болады;

7. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың, өндіріс нысандарының оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтін мекемелердің басшыларына:

1) 2020 жылдың 20 маусымына дейін өндірістік нысандарда, вахталық қалашықтарда, кеңседе және өзге де үй-жайларда санитарлық-гигиеналық шараларды күшейту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және жергілікті атқарушы органға ұсынсын;

2) 22.05.2020 жылғы №37 ҚР БМСДҚ №21 қосымшасына сәйкес вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорындар қызметкерлерінің шығу (кіру) тәртібін қоса алғанда, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістік нысандарда санитарлық-гигиеналық іс-шараларды күшейту.

3) Қызметкерлердің 80% - ын қашықтықтан жұмыс режиміне ауыстыру.

8. «ҚТЖ» ҰК" АҚ-ның филиалы магистральдық желі бөлімшесінің басшысына:

1) темір жол вокзалдарының ғимаратына шығарып салушыларды (қажет болған жағдайда 1 адамнан аспайтын) жібермеуді қамтамасыз етсін;

2) жолаушылардың келуі мен кетуі үшін бөлек дәліздер (өту ағындарының болмауын) қамтамасыз етсін;

9. Атырау облысының Полиция департаменті қамтамасыз етсін:

1) COVID-19 бойынша карантиндік, провизорлық және инфекциялық стационарларды күзету;

2) Атырау облысы аумағында карантиндік шектеу шараларын бұзушыларға қатысты әкімшілік шараларды қолдану және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

3) отбасылық, еске алу шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, ас берулер) үйде өткізуге жол бермеу;

4) жауапты мемлекеттік органдармен бірлесіп, мониторингтік топтардың құрамында карантиндік шектеу шараларының бұзылуының алдын алу және жолын кесу бойынша жұмыстарды жүргізісін.

10. Ішкі саясат басқармасы Атырау қаласы және аудандар әкімдіктерімен бірлесіп:

1) БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы тұрғындарды эпидемиологиялық жағдай, қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы кеңінен ақпараттандыруды жүзеге асыру;

2) Эпидемиологиялық жағдайдың өзгеруі мен науқастар санының өсуін есепке ала отырып, БАҚ-тың жұмысын бірыңғай үйлестіруді және орталықтандыруды қамтамасыз ету.

11. Аталған қаулының орындалуын өзіме қалдырамын.

12. Аталған қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Атырау облысының Бас
Мемлекеттік санитарлық дәрігері**

А. Жұмағалиев